

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТІ
№2 МӘЖІЛІС ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

19.11.2024 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:

АК төрағасы: Ильясова Г.Т.

АК мүшесі, Академиялық персоналдар: декан: Нускабаева Г.О., оқу ісі жөніндегі декан орынбасары: Татыкаева У.Б., ғылым және тәрбие жөніндегі декан орынбасары: Ырысбай С.Ә., кафедра меңгерушілері: Алимбекова Л.Т., Жунусов М.С., Садыкова К.Ж., Саржанов Ф.Н., Омарова Б.Ә., Тулешова Э.Ж., Айболова Г.Қ., Нұрдинов Н.С., атқарушы хатшы: Джаякбаева Д.С., хатшы: Алдабергенова Ш.А.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: КДО бас дәрігері Генчер З.М., «Ырыс Дент» клиникасының директоры Шотаев С.Б., «Turan dent» тіс емханасының бас дәрігері Сиздинов М.М.

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері: 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты Шайхаттарова У., 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты Султанбаева Ю., 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті Әбдіхат Ә., 6B10176 – «Медицина» БББ студенті Исаева Д.

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ББ аудиттері және шешімдерді қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, қосдипломды ББ әзірлеу).
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру.
3. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы Ильясова Г.Т. сөз алып, күн тәртібімен таныстырып өтті.

1. ББ аудиттері және шешімдерді қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, қосдипломды ББ әзірлеу).

Медицина факультетінің деканы, қауымд.профессор Нускабаева Г.О.:

2025-2026 жаңа оқу жылында қабылданатын білімгерлерге 6B10188-«Медицина» ББ жаңарту бойынша сөз алайын. Онда модульдердің атауларын және кредит сандарын сәйкестендіру, модуль ішіндегі кейбір пәндерді модуль сыртына жеке пән немесе модуль ретінде шығаруды талқылауды ұсынамын және талқылауды ақпан айына жоспарлайық.

Екінші айта кететін жаңалық: Түркістан облыстық статус алғаннан кейін соңғы жылдары жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың өсуі, урбанизация, экологиялық

жүктеменің артуы, жаңа тағамдық және өндірістік технологиялардың пайда болуы профилактикалық медицина мамандарына деген сұранысты айтарлықтай күшейтті.

Денсаулық сақтау саласындағы кадрлық қажеттіліктерді талдау еліміз бойынша санитариялық-гигиеналық бағыттағы мамандар тапшылығының сақталып отырғанын көрсетеді. Әсіресе өңірлік департаменттерде, зертханаларда, өнеркәсіптік объектілерде және білім беру ұйымдарында профилактикалық бағыттағы жас кадрларға қажеттілік жоғары. Қазақстан да бұл талаптарды орындау мақсатында эпидемиологиялық мониторингті цифрландыру, тағам қауіпсіздігін күшейту, мектеп медицинасын дамыту, өнеркәсіптік және коммуналдық гигиена талаптарын жаңғырту бағытында реформалар жүргізіп келеді. Бұл ретте жаңа форматтағы, заманауи біліммен қаруланған медициналық-профилактикалық мамандарды даярлау аса маңызды. Университетімізде Медицина факультетінің имиджін көтеру және осы аталған мамандықтардың Түркістан облысы, оңтүстік өңірімізде қажеттілігін ескере отырып, 2025-2026 оқу жылына 6B101-Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша 6B10197 – «Медициналық-профилактикалық іс» және 6B10173 – «Мейіргер ісі» жаңа ББ әзірлеуді ұсынамын. Егер ұсыныс қабылданған жағдайда ауқымды жұмыстардың басталуына және оларға жауаптылардың дайын болуын ескертті.

Одан кейін Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасының меңгерушісі Б.Ә. Омарова сөз алды: иә, 6B10197 – «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы студенттерге эпидемиология, гигиена, қоғамдық денсаулық, санитариялық-қадағалау, тағам қауіпсіздігі, экологиялық қауіпсіздік, денсаулықты нығайту салалары бойынша кешенді құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік береді. Бағдарлама профилактикалық бағыттағы ұлттық саясатқа, саланың еңбек нарығы сұранысына және халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді.

Мейіргерлер – денсаулық сақтау жүйесінің 50%-дан астамын құрайтын негізгі кадрлық ресурс және халық денсаулығына әсер ететін шешуші факторлардың бірі. Қазіргі трендке сәйкес Қазақстан да мейіргерлік көмекті дамыту, кеңейтілген мейіргер рөліне көшу, мейіргерлердің кәсіби дербестігін арттыру, дәлелді практикаға негізделген күтім технологияларын енгізу бағытында жүйелі саясат жүргізіп келеді.

Республика өңірлерінде жүргізілген кадрлық талдау көрсеткендей, денсаулық сақтау ұйымдарында мейіргерлер тапшылығы сақталуда. Әсіресе ауылдық жерлерде, алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарында, жалпы практика дәрігерлерін қолдауда, амбулаториялық үй күтімі қызметтерінде, паллиативтік көмек және реабилитация бөлімшелерінде білікті орта буын мамандарына жоғары сұраныс бар. Сонымен бірге мейіргерлік білімді халықаралық үлгіге жақындату, заманауи технологияларды меңгерген, клиникалық қызметті ұйымдастыруға қабілетті мамандар даярлау қажеттілігі күшейіп отыр.

Осылайша, «Мейіргер ісі» білім беру бағдарламасын іске асыру денсаулық сақтау саласының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға, ұлттық деңгейде мейіргерлік саланы дамытуға және кадрлық тұрақтылықты қамтамасыз етуге стратегиялық маңызы бар.

Бұл бағдарлама еліміздің денсаулық сақтау жүйесін нығайтуға, халық денсаулығын жақсартуға және халықаралық талаптарға сәйкес кәсіби мейіргерлер даярлауға қажетті әрі уақыт талабына сай бастама болып табылады.

1.ШЕШІМ: 6B10188 - «Медицина» ББ жаңарту және 6B101 - Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша 6B10197 - «Медициналық-профилактикалық іс» және 6B10173 - «Мейіргер ісі» жаңа ББ әзірлеу туралы ұсыныстар қабылданын және университеттің оқу-әдістемелік комитетіне реестрге енгізуге ұсынылсын.

2. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру.

Бұл мәселе бойынша алдымен Медицина факультеті фундаментальды ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, PhD Саржанов Ф.Н. 1,2,3-курстарда өтіп жатқан 6B10188 – «Медицина» білім беру бағдарламасының ішкі аудит нәтижелері бойынша келесі жағдайларға тоқтап өтті.

PhD Саржанов Ф.Н.: жаңа үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне және құрылымына тоқталды. Медицина бағдарламасы біріктірілген бағдарлама болып табылады. Білім беру жоспарындағы үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының мазмұны бакалавриат, интернатура және бейінді магистратураны қамтиды. Жалпы кемінде 360 кредиттен құралған БББда: ЖБП 56 кредит, БП кемінде 95 кредит, БнП кемінде 150 кредит, интернатура 30 кредит, ЭЗЖ 13 кредит және қорытынды аттестаттау 12 кредиттен тұрады. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: Денсаулық сақтау саласын жақсарту мақсатында ғылыми, этикалық, құқықтық нормаларға сәйкес білікті, медициналық көмекті сауатты жүзеге асыратын; жеке адам мен қоғам денсаулығын қорғауға қабілетті; өмір бойы білім алатын, ғылыми ізденіс тәсілдерін қолданатын; тиімді қарым-қатынас жасай алатын және топ болып жұмыс істей алатын мамандарды дайындау болып табылады. Осыған сәйкес келесі атрибуттар белгіленді: маман/дәрігер, топ мүшесі/серіктес, ғалым, кәсіпқой, коммуникатор, денсаулық қорғаушысы және көшбасшы. Оқытудың нәтижелері кәсіби стандарттар, ҰБШ және МЖББС негізінде дайындалып, жалпы 14 оқыту нәтижесінен тұрады және атрибуттарды толық қамтиды. Ары қарай модульдер, пәндер тізімі кредиттерімен, оқыту және бағалау әдістерімен таныстырды.

Осы мәселе бойынша екінші болып, Стоматология факультеті оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Татыкаева У.Б. 6B10189- «Стоматология» білім беру бағдарламасының ішкі аудит нәтижелері бойынша келесі жағдайларға тоқтап өтті.

Татыкаева У.Б.: жаңа интеграцияланған бағдарламаның ерекшеліктеріне және құрылымына тоқталды. Стоматология бағдарламасы біріктірілген бағдарлама болып табылады. Білім беру жоспарындағы барлық курстарды, соның ішінде клиникалық интернатураны сәтті аяқтаған түлектерге стоматология магистрі дәрежесі беріледі. Жалпы кемінде 300 кредиттен құралған БББда: ЖБП 56 кредит, БП кемінде 65 кредит, БнП кемінде 120 кредит, интернатура 30 кредит, ЭЗЖ 13 кредит және қорытынды аттестаттау 12 кредиттен тұрады. Түлек атрибуттары: дәрігер, ғалым, кәсіпқой, коммуникатор, көшбасшылық және топ мүшесі, денсаулық қорғаушысы. Оқытудың нәтижелері кәсіби стандарттар, ҰБШ және МЖББС негізінде дайындалып, жалпы 14 оқыту нәтижесінен тұрады және атрибуттарды толық қамтиды. Ары қарай модульдер, пәндер тізімі кредиттерімен, оқыту және бағалау әдістерімен таныстырды.

2.ШЕШІМ: 6B10188 - «Медицина», 6B10189 - «Стоматология» білім беру бағдарламаларының ішкі аудит нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау

2024-2025 оқу жылындағы Медицина және Стоматология факультетінің бітіруші білімгерлері арасында мемлекеттік емтихан тапсыратын білімгерлер саны мен кешенді емтихандарды қабылдау түрін төмендегі кестеге сәйкес ұсынылды.

№	БББ шифрі	БББ атауы	Кешенді емтихан тапсыратын студент саны	Қабылдау түрі	Кешенді емтихан тапсыратын бағыттар
---	--------------	-----------	--	------------------	--

1	6B10155	Жалпы медицина	248 қазақ 64 орыс	1. ОҚКЕ 2. Тест	Жалпы дәрігерлік тәжірибе Жедел жәрдем
2	6B10156	Стоматология	59-қазақ 83-орыс	1.Тест ЭЕМ 2.ОҚКЕ	Балалар жасындағы стоматология бағыты Хирургиялық стоматология бағыты Терапиялық стоматология бағыты Ортопедиялық стоматология бағыты

3.ШЕШІМ: 6B10155-«Жалпы медицина» және 6B10156-«Стоматология» факультетінің бітіруші білімгерлері арасында мемлекеттік емтихан тапсыратын білімгерлер саны мен кешенді емтихандарды қабылдау түрін ұсыныстарын қабылданын.

Академиялық комитет төрағасы

Хатшы:

Ильясова Г.Т.

Алдабергенова Ш.А.